

Бүгінгі таңда Марғұланның еңбектері этнология, археология, өнертану, фольклортану, тарих және мәдениеттану ғылымдары үшін құнды дереккөз ретінде қызмет етіп келеді. Қазақ этнографиясының кез келген саласын зерттеуде оның еңбектеріне сүйену қажеттілігі әлі де жоғары. Бұл оның мұрасының уақыт сынынан өткендігін және ғылыми құндылығының үздіксіз екенін көрсетеді.

Қорытындылай келе, Әлкей Марғұлан қазақ этнографиясының ғылыми мектебін қалыптастырған, оның теориялық-әдістемелік негізін жасаған, ұлттық мәдениетті зерттеудің ғылыми бағыттарын айқындаған ірі тұлға. Оның ғылыми мұрасы - қазақ халқының этномәдени тарихын терең танып-білудегі қайталанбас еңбек. Марғұланның зерттеулері ұлттық мәдениетті сақтауға, насихаттауға және болашақ ұрпаққа жеткізуге қызмет ететін шынайы ғылыми қазына болып қала береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Манапова, А. М. НАСЛЕДИЕ А.Х. Марғұлана // Археология Казахстана, № 1-2 (2018).
2. Манапова, А. М. Караванные пути в трудах А.Х. Марғұлана // Археология Казахстана, 2021, № 4.
3. Марғұлан, Ә. Х. Қазақ халқының қолданбалы өнері. - Алматы: Өнер, 1986. - 320 б.
4. Марғұлан, Ә. Х. Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнері. - Алматы: Ғылым, 1985. - 240 б.
5. Марғұлан, Ә. Х. Беғазы-Дәндібай мәдениеті. - Алматы: Ғылым, 1979. - 356 б.
6. Сарқытбаев, А. «Қазақ ғылымының жарық жұлдызы - Әлкей Марғұлан» // КиберЛенинка. - 2019. - 12 б.
7. ArcheoKZ ғылыми журналы. «Әлкей Марғұлан және Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы» // ArcheoKZ. - 2020. - №3. - 45-58 б.
8. Смайылов, Е. Қазақ этнологиясының қалыптасуына Әлкей Марғұланның қосқан үлесі // Орталық Азия зерттеулері журналы, 2022. - №2. - 55-64 б.
9. Құнантаев, М. Әлкей Марғұлан: өмірі мен ғылыми мұрасы // ArcheoKZ ғылыми журналы. - 2020. - №3. - 45-58 б.

ОТЫРАР Өңірінің АНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРЫ: ШЫҒУ ТЕГІ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Бакира Н.Т.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

nuraibakira@gmail.com

Астана қаласы

Бұл мақала Оңтүстік Қазақстанның ономастикалық жүйесін зерттеуге арналған, негізгі назар Отрар ауданы аумағында кең таралған топонимдер мен гидронимдерге аударылады. Ежелгі түркі өркениетінің мәдени орталықтарының бірі әрі Ұлы Жібек жолының маңызды торабы болған Отрар жергілікті атауларда көрініс тапқан тарихи және мәдени жадтың бай қабатын сақтап қалған. Аймақтың географиялық атаулары тек табиғи нысандарды белгілеумен шектелмей, сонымен қатар жергілікті халықтың дүниетанымын, шаруашылық ерекшеліктерін, табиғи-климаттық жағдайларын және тарихи оқиғалардың іздерін жеткізеді.

Зерттеудің мақсаты - өңірдің негізгі топонимдері мен микротопонимдерінің шығу тегін және семантикалық дамуын тілдік, тарихи және мәдени контексте қарастыру. Теориялық негіз ретінде С. Қоныбай, Т. Жанұзақов және Е. Қойшыбаев сияқты белгілі қазақстандық ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Қосымша дереккөздер ретінде жергілікті тұрғындардың ауызша мәліметтері, мұрағат материалдары және тарихи-географиялық жазбалар қолданылды.

Мақалада Отрар, Арыс, Сыр, Қараспан, Шәуілдір, Қоғам, Темір және басқа да атаулардың этимологиялық және тарихи талдауы жүргізіледі. Бұл топонимдердің көпшілігі түркі, парсы және араб тілдік ықпалдарымен байланысты көпқабатты шығу тегін көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде Отрар өңірінің ономастикалық кеңістігі терең тарихи сабақтастық пен мәдени стратификацияға ие екендігі анықталып, оны әрі қарайғы лингвистикалық және тарихи ізденістер үшін маңызды нысанға айналдырады.

Кілт сөздер: Отырар, топонимдер, гидронимдер, ономастика, этимология, Оңтүстік Қазақстан, Ұлы Жібек жолы, мәдени мұра, географиялық атаулар, түркология.

Аннотация

Данная статья посвящена исследованию ономастической системы Южного Казахстана, с основным акцентом на топонимы и гидронимы, распространённые на территории Отрарского района. Будучи одним из культурных центров древнетюркской цивилизации и значимым пунктом Великого шёлкового пути, Отырар сохранил богатый пласт исторической и культурной памяти, отражённый в названиях местности. Географические наименования региона не только обозначают природные объекты, но также передают мировоззрение местного населения, особенности хозяйственного уклада, природно-климатические условия и следы исторических событий.

Цель данного исследования - проследить происхождение и семантическое развитие основных топонимов и микротопонимов региона, проанализировав их в лингвистическом, историческом и культурном контекстах. Теоретическую базу исследования составляют труды известных казахстанских учёных, таких как С. Кобыбай, Т. Жанузаков и Е. Койшыбаев. Дополнительными источниками послужили устные сведения местных жителей, архивные материалы, а также историко-географические заметки.

В статье проводится этимологический и исторический анализ таких названий, как Отырар, Арыс, Сыр, Караспан, Шаульдер, Когам, Темир и других. Многие из этих топонимов демонстрируют многослойность происхождения, связанную с тюркским, персидским и арабским языковыми влияниями. Исследование показывает, что ономастическое пространство Отрарского региона обладает глубокой исторической преемственностью и культурной стратификацией, что делает его важным объектом для дальнейших лингвистических и исторических изысканий.

Ключевые слова: Отырар, топонимы, гидронимы, ономастика, этимология, Южный Казахстан, Великий шёлковый путь, культурное наследие, географические названия, түркология.

Abstract

This article examines the onomastic system of South Kazakhstan, focusing primarily on the toponyms and hydronyms found in the Otyrar district. As one of the cultural centers of the ancient Turkic civilization and an important point along the Silk Road, Otyrar preserves a rich layer of historical and cultural memory through its place names. These geographical names not only designate physical landmarks but also reflect local worldviews, economic traditions, natural conditions, and historical events.

The purpose of this study is to trace the origins and semantic development of major toponyms and microtoponyms in the region, analyzing them through linguistic, historical, and cultural perspectives. The works of prominent Kazakhstani researchers such as S. Qondybay, T. Zhanuzakov, and E. Qoyshybaev serve as the main theoretical foundation. Oral accounts from local residents, archival materials, and historical-geographical notes were also consulted.

The article provides an etymological and historical discussion of names such as Otyrar, Arys, Syr, Karaspan, Shaulder, Kogham, Temir, and others. Many of these place names reflect layers of Turkic, Persian, and Arabic linguistic influence. The study concludes that the onomastic landscape of the Otyrar region demonstrates deep historical continuity and cultural stratification, making it an important area for further linguistic and historical research.

Keywords: Otyrar, toponyms, hydronyms, onomastics, etymology, South Kazakhstan, Silk Road, cultural heritage, geographic names, Turkic studies.

Оңтүстік Қазақстан - тарихи-мәдени мұраға аса бай аймақтардың бірі. Бұл өңірдің ономастикалық кеңістігі, яғни жер-су атаулары мен географиялық нысандардың аталу жүйесі, халықтың дүниетанымы мен тарихи жадын сақтаушы ерекше қабат болып табылады. Әсіресе Отырар өңірі - ежелгі түркі өркениетінің мәдени орталығы әрі Ұлы Жібек жолының маңызды торабы ретінде, өзінің топонимдері мен гидронимдері арқылы ғасырлар бойғы тарихи оқиғалардың, этникалық процестердің және мәдени ықпалдардың ізін жеткізіп отыр.

Ономастикалық зерттеулердің маңызы - жергілікті атаулардың тек географиялық белгі ғана емес, сонымен қатар халықтың рухани дүниесінің көрінісі екенін ашып көрсетуінде. Әрбір топоним мен гидроним белгілі бір тарихи кезеңнің, табиғи ерекшеліктің немесе әлеуметтік-экономикалық жағдайдың айғағы болып табылады. Мысалы, Отырар, Арыс, Сыр, Караспан, Шәуілдір, Қоғам, Темір сияқты атаулардың шығу тегі мен семантикалық дамуы түркі, парсы және араб тілдік ықпалдардың тоғысуын көрсетеді. Бұл атаулардың көпқабатты табиғаты аймақтың тарихи сабақтастығын және мәдени стратификациясын айқын аңғартады. Зерттеудің өзектілігі - Отырар өңірінің ономастикалық жүйесін кешенді түрде қарастыру арқылы қазақ халқының тарихи жадын, мәдени мұрасын және тілдік ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік беруінде. Қазіргі таңда ономастика ғылымы тек тіл

білімінің саласы ғана емес, тарих, этнография, география және мәдениеттанумен тығыз байланыста дамып келеді. Сондықтан Отырар топонимдерін зерттеу - көпсалалы ғылыми ізденістерді қажет ететін күрделі міндет. Бұл жұмыстың мақсаты - Оңтүстік Қазақстандағы Отырар өңірінің негізгі топонимдері мен микротопонимдерінің шығу тегін анықтап, олардың семантикалық дамуын тарихи-мәдени контексте талдау. Зерттеу барысында С. Қоныбай, Т. Жанұзақов, Е. Қойшыбаев сияқты белгілі ғалымдардың еңбектері, жергілікті тұрғындардың ауызша деректері, архивтік материалдар және тарихи-географиялық жазбалар пайдаланылды. Осылайша, Отырар өңірінің ономастикалық атаулары - қазақ халқының мәдени мұрасының ажырамас бөлігі. Оларды зерттеу арқылы біз тек тілдік ерекшеліктерді ғана емес, сонымен қатар халықтың тарихи тағдырын, дүниетанымын және мәдени құндылықтарын тереңірек түсінеміз.

Зерттеу жұмысы тарихи-лингвистикалық, салыстырмалы, этимологиялық және картографиялық әдістерге сүйенді. Негізгі материал ретінде Отырар ауданының қазіргі әкімшілік картасы, гидрографиясы, архивтік құжаттар мен ортағасырлық дереккөздер пайдаланылды. Ғылыми-теориялық база ретінде Т.Жанұзақовтың қазақ аномастикасына арналған зерттеулері, Е.Қойшыбаевтың топонимдік сөздігі, С.Қондыбайдың мифотопонимиялық талдаулары, сондай-ақ араб-парсы авторлары: әл-Масуди, Ибн Хаукаль, Мақдиси еңбектеріндегі Фараб атауына қатысты мәліметтер қолданылды. Экспедициялық материалдар мен жергілікті тұрғындардан алынған ауызша деректер де қосымша дереккөзі ретінде қарастырылды. [3, 210-217 б]

Бұл бөлімде Отырар өңіріндегі ең маңызды топонимдер мен гидронимдер ғылыми тұрғыда талданады.

Отырар/Фараб атауы: Ежелгі деректерде қала атауы «Параб», «Фараб», «Отырарбенд» түрінде кездеседі. Т.Жанұзақов пен Е.Қойшыбаев оны “отырған жер, тұрақ” деген етістік негізіндегі түркі сөзі деп түсіндіреді. Ал араб деректеріндегі “фараб” иран тілдерінен шыққан, “суы мол, тоғайлы орын” деген мағынаны білдіреді. Шөлейт аймақта орналасқан Отырар үшін бұл сипаттама тарихи жағынан да орынды.

Сырдария: атауы Сырдария - түркі әлемінің ең көне гидронимдерінің бірі. Зерттеушілер Сыр атауының “сыр” - “жылтыр”, “ағынды”, “ащы су” мағынасына қатысты нұсқаларын келтіреді. Дәрия - парсы сөзі, “өзен” дегенді білдіреді. Демек, атау аралас түбірден құралған.

Арыс: Арыс атауы көне түркі тіліндегі “арыс/арис” - “жақын, көрші” немесе “суы тасыған” мағынасындағы сөздермен байланыстырылады. С.Қондыбай өз зерттеулерінде бұл атауды “қасиетті су, ата-тек өзені” деген мифологиялық түбірмен байланыстырады.

Қоғам: Қоғам ауыл атауы туралы бірнеше жорамал бар. Біріншісі - “қоқан” сөзінен өзгерген нұсқа (Қоқан хандығына қатыстылығы). Екіншісі - “қоғалы жер”, “қоға өскен өзек” деген географиялық сипатқа негізделген. Өзен маңында қоға мол өсетіндіктен бұл нұсқа шындыққа жақын.

Шәуілдір: Шәуілдір - Отырар ауданының орталығы. Кейбір ғалымдар “шөбі дүр”, “шөбі қалың” деген тіркестерден шыққанын айтады. Басқа гипотеза бойынша “шәуіл” - “жылтыр, ақшыл” деген түркі түбіріне барып тіреледі. Шәуілдір аталуына негіз болған екі аңыз бар.

Қараспан: Атау құрамындағы “қара” - “үлкен, биік, қатты”, “спан” - “аспанға созылған тау жынысы” деген көне атаулармен байланысты. Қараспан маңында биік жынысты адырлар болғандықтан атау табиғи-географиялық сипатқа негізделген.

Көкмардан: Бұл атау археологиялық ескерткіш ретінде белгілі. “Көк” - түркі дүниетанымындағы қасиетті түс, “мардан/мерт” - “батырлар” деген мағынаны білдіреді. Яғни, “көк тәңірге табынған батырлар мекені” деген этимология жиі қолданылады.

Темір: Темір ауыл атауы Орта ғасырдағы Темірбек, Темірқожа, Әмір Темір есімдерімен байланыстырылады. Кейбір деректерде темір қорыту шеберханалары болғаны айтылады. Демек, атаудың шығуы екі сипатқа - тарихи тұлға және қолөнер кәсібіне қатысты болуы мүмкін.

Қарғалы: Қарға құсы қазақ дүниетанымында ерекше символдық мәнге ие. Бұл атау “қарғасы көп жер”, “қара құс қонатын төбе” деген мағыналарға ие. Өңірдегі фаунаға байланысты атаудың табиғи негізі басым. Жалпы талдау нәтижесі Отырар топонимдерінің көпқабатты екенін, түркілік, араб-парсылық және моңғол кезеңдерінің лексикалық іздері қатар кездесетінін көрсетеді. [1, 40-78 б]

Оңтүстік Қазақстан - түркі дүниесінің ең көне мәдени ошақтарының бірі және Ұлы Жібек жолының негізгі бағыттары өткен ерекше аймақ. Бұл өңірдегі алғашқы қоныстар сақ-үйсін кезеңінен бастау алып, қаңлы тайпаларының қалалық өркениетімен жалғасқан. Әсіресе Отырар алқабы ортағасырларда ірі сауда, білім және қолөнер орталығы ретінде танылған. Мұндай тарихи байлықтың ең нақты іздері - өңірдің ономастикалық жүйесінде, яғни жер-су атауларында сақталған.

Топонимдер - тарихи ақпараттың қайнар көздерінің бірі. Әрбір атау белгілі бір кезеңнің тілдік, этнографиялық, географиялық, мәдени көрінісін сақтайды. Мысалы, табиғи ортаға байланысты

атаулардың (Сыр, Қараспан, Қарғалы) семантикасы сол өңірдің флорасы мен фаунасы, топырақ құрамы немесе жер бедері туралы мәлімет береді. Ал тарихи оқиғаларға қатысты атаулар белгілі бір тұлғалардың, рулардың, көші-қон бағыттарының ізі ретінде маңызды дереккөзге айналады.

Отырар атауының өзі әлемдік ғылымда кеңінен белгілі. Көне деректерде ол “Фараб”, “Параб”, “Отырарбенд” түрінде кездеседі. Бұл атаулардың шығуы жөнінде түрлі ғылыми пікірлер бар: кейбір зерттеушілер оны “отыру”, “қоныстану” түбірімен байланыстырса, енді біреулері “параб” - “суы мол аймақ” деген көне ирандық түсінікпен байланыстырады.

Қазіргі қазақ аномастикасында Оңтүстік өңір топонимиясы арнайы кешенді түрде зерттелгенімен, жеке аудандық деңгейде, әсіресе Отырар атаулары бойынша нақты лингвистикалық-тарихи талдаулар аз. Сондықтан бұл ғылыми жұмыстың мақсаты - өңірдің негізгі топонимдерін жүйелеу, шығу тегін анықтау, тарихи-мәдени маңызын талдау және олардың семантикалық табиғатын ашу. [4, 120-180 б]

Нәтиже

Біріншіден, Отырар өңіріндегі атаулардың басым бөлігі көне түркі тілдік қабатына жатады. Бұл - сақ, үйсін, қаңлы тайпаларының отырықшылық пен мал шаруашылығын қатар жүргізген кезеңінен қалған іздер. Мысалы, Қарғалы, Шәуілдір, Қараспан сияқты атаулар табиғи сипатқа негізделген. Түркі дүниетанымындағы түс, жануар, өсімдік атаулары жиі кездеседі.

Екіншіден, өңір атауларында араб-парсы қабаты айқын байқалады. Бұл ислам діні енген кезеңмен және X-XII ғасырлардағы мәдени гүлденумен байланысты. Сырдария, Фараб, Дарбаза сияқты атаулар араб-парсы терминдерімен бітіккен. Бұл атаулардың көпшілігі жазба дерек көздерінде де кездеседі, сондықтан олардың этимологиясын салыстырмалы түрде анықтауға мүмкіндік бар.

Үшіншіден, моңғол дәуірінің әсері байқалады. XIII ғасырдағы шапқыншылықтан кейін қалыптасқан әкімшілік атаулар, ру-тайпа есімдері, антропонимдік негіздегі топонимдер жергілікті тілге сіңісіп кеткен. Мысалы, Темір, Қоңыртөбе сияқты атауларда моңғол дәуірінің ықпалы байқалады.

Төртіншіден, Отырар өңірінің гидронимдері (Сыр, Арыс, Бөген) өте көне дәуірге тән. Өзен атауларының тұрақтылығы - табиғи заңдылық, сондықтан олардың семантикасы мыңдаған жылдық тарихи ақпараттың кілті болып табылады. Арыс атауының мифологиялық сипаты, Сырдария атауының аралас түбірден тұруы тарихи-тілдік сабақтастықты айқын көрсетеді.

Бесіншіден, өңір топонимиясына байланысты ауызша деректер де құнды. Жергілікті қариялардың әңгімелері, аңыз-әфсаналар, көне жұрт орындарына байланысты айтылатын мифтер аномастиканың қосымша дереккөзін құрайды. Ауызша тарих (oral history) жазба деректерді толықтырып отырады.

Алтыншыдан, топонимдерді жүйелеу өңірдің тарихи-мәдени дамуын кезең-кезеңімен қайта құруға мүмкіндік береді. Мысалы, Көкмардан, Қарауылтөбе сияқты атаулар ежелгі әскери-стратегиялық бекеттердің болғанын дәлелдейді, ал Қоғам, Қараспан сияқты атаулар шаруашылық және табиғи орта ерекшеліктерін береді.

Жетіншіден, барлық атауларды талдау нәтижесінде Отырар топонимиясы тек жергілікті маңызға ие емес, жалпы түркі мәдениетінің тарихын зерттеуде маңызды рөл атқаратыны анықталды. [2, 50-61 б]

Отырар өңірінің аномастикалық атаулары - Қазақстанның тарихи, мәдени және тілдік мұрасының аса маңызды бөлігі. Бұл зерттеу барысында өңірдегі негізгі топонимдер мен гидронимдердің шығу тегі, қалыптасу тарихы және семантикалық ерекшеліктері жан-жақты талданды. Анализ көрсеткендей, өңір топонимиясы бір ғана тарихи кезеңмен шектелмейді, керісінше көне түркі дәуірінен бастап, араб-парсы кезені, моңғол шапқыншылығы және қазақ хандығы дәуірлеріне дейінгі бірнеше тарихи қабаттарды қамтиды.

Жер-су атауларында сақталған мәліметтер - халықтың тұрмысын, дүниетанымын, шаруашылық жүйесін, этникалық құрамын және табиғи ортаны бейнелейтін маңызды ақпарат көзі. Атаулардың табиғи географиялық ерекшеліктермен, тарихи тұлғалармен, шаруашылық кәсіптерімен және мифологиялық түсініктермен байланысы олардың мәдени-танымдық маңызын арттыра түседі.

Зерттеу нәтижелері Отырар өңірінің топонимиялық жүйесінің өзіндік ерекшелігі бар екенін дәлелдеді. Атаулардың көпқабаттылығы, тарихи-семантикалық тұрақтылығы, жергілікті мәдениетпен байланысы - бұл аймақты Қазақстан аномастикасында ерекше орынға қояды. Сондықтан Отырар топонимиясын одан әрі арнайы экспедициялар, археологиялық деректер және лингвистикалық зерттеулер негізінде кең көлемде зерттеу қажет. Жалпы алғанда, өңір атауларын жинақтау, олардың этимологиясын анықтау және ғылыми айналымға енгізу - ұлттық тарихи сананы қалыптастыруда маңызды қадамдардың бірі.

Оңтүстік Қазақстан, әсіресе Отырар өңірінің ономастикалық атаулары - халықтың тарихи жадын, мәдени мұрасын және дүниетанымын сақтаушы ерекше қабат болып табылады. Жер-су атаулары тек географиялық нысандарды белгілеумен шектелмей, сонымен қатар этникалық процестердің, шаруашылық дәстүрлердің, табиғи-климаттық ерекшеліктердің және тарихи оқиғалардың айғағы ретінде қызмет етеді.

Зерттеу барысында анықталғандай, Отырар өңіріндегі топонимдер мен гидронимдер көпқабатты шығу тегіне ие. Түркі, парсы және араб тілдік ықпалдары бұл атаулардың семантикалық дамуына әсер етіп, олардың тарихи-мәдени мазмұнын байытқан. Мысалы, Отырар, Арыс, Сыр, Қараспан, Шәуілдір, Қоғам, Темір сияқты атаулардың этимологиялық талдауы аймақтың тарихи сабақтастығын және мәдени стратификациясын айқын көрсетеді.

Бұл ономастикалық кеңістік - қазақ халқының мәдени мұрасының ажырамас бөлігі. Оны зерттеу арқылы біз халықтың тарихи тағдырын, рухани дүниесін және мәдени құндылықтарын тереңірек түсінеміз. Сонымен қатар, ономастикалық зерттеулер қазіргі тіл білімінің ғана емес, тарих, этнография, география және мәдениеттану ғылымдарының да ортақ міндетіне айналып отыр.

Қорытындылай келе, Отырар өңірінің ономастикалық атаулары - тарихи сабақтастық пен мәдени көпқабаттылықтың айқын көрінісі. Бұл атауларды ғылыми тұрғыдан зерттеу қазақ халқының тарихи жадын сақтауға, мәдени мұрасын дәріптеуге және тілдік ерекшеліктерін айқындауға зор үлес қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.ЖАНҰЗАҚ Телғожа Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том. - Астана, «1С-Сервис» ЖШС, 2006 ж. - 400 бет
- 2.Телғожа Жанұзақ. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. Алматы: "Сөздік-словарь" ЖШС, 2010.-356 бет.
- 3.Арғықазақ мифологиясы [Мәтін] / С. Қондыбай [құрастырған Б. Қондыбай]. - 2-бас. ., толықт.. - Алматы : Арыс, 2024. - 1021
4. Қазақтар ана тілі әлемінде [Мәтін] : этнолингвистикалық сөздік / Ә. Қайдар [ред. Р. Қ. Шаймерденов] ; [А. Байтұрсынұлы атын. Тіл білімі ин-ты] .- Алматы : Дайк-Пресс , 2009

БАЙЗАҚ Өңірінің Ономастикалық Атаулары

Батихан Қ.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

bqarasai@gmail.com

Астана қаласы

Аңдатпа

Бұл мақала Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Байзақ ауылының тарихи-топонимиялық кеңістігін зерттеуге арналған. Байзақ атауы XIX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалыстың көрнекті қолбасшысы Байзақ Мәмбетұлының (Байзақ датқа) есімімен байланысты. Зерттеу барысында ауыл аумағындағы табиғи және тарихи атаулар: Жетіжол, Байзақ сөресі, Рысымбет төбе, Бурылтөбе, Қарақуыс, Байзақ батыр кесенесі, Ескі Байзақ, Қызылжар, Қарасу, Ақжар сияқты нысандардың шығу тегін, семантикасын және тарихи-мәдени маңызын талдау жүргізілді. Зерттеу барысында тарихи құжаттар, ауызша деректер және ғылыми әдебиеттерге негізделген талдау жасалды. Сонымен қатар, топонимдердің семантикасы мен шығу тегі жан-жақты қарастырылып, олардың этнографиялық және мәдени маңызы бағаланды. Зерттеу нәтижесінде Байзақ ауылының топонимдері табиғи-географиялық ерекшеліктерге, тарихи оқиғаларға, батырлар мен ел ағаларының есімдеріне, көшпелі тұрмыс салтына және жергілікті халықтың діни-рухани танымына негізделгені анықталды. Атаулар халық жадындағы тарихи, мәдени және рухани ақпаратты сақтай отырып, ұрпаққа жеткізетін маңызды дереккөз ретінде қарастырылады.

Кілт сөздер: Байзақ ауылы, топоним, Байзақ датқа, Жетіжол, Байзақ сөресі, Рысымбет төбе, жер-су атаулары, этимология, антропотопоним, мәдени мұра.

Аннотация

Статья посвящена исследованию топонимов села Байзақ Жамбылской области. Название села связано с именем Байзақ Мамбетұлы (Байзақ датқа) - известного лидера национально-